

ЖАҢА БУЫН ЖАС МАМАНДАРДЫҢ КҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН МҰРАТТАРЫ ЦЕННОСТИ И ИДЕАЛЫ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ

Для создания еще большего резонанса можно включить в выступление еще один PR-ход. Так как данная PR-кампания не проводится с целью заработка, а преследует идею формирования экологического сознания города, предлагается периодическое распространение «экологической одежды» – раз в 2 месяца раздавать по 100 футболок с экологическими лозунгами. Лучше всего проводить данное мероприятие в окрестностях города, где были выявлены наибольшие скопления отходов.

После проведения экологической PR-кампании, PR-службе акимата города Костанай предстоит оценить отношение людей к мероприятиям, написать рекомендации для дальнейшего усовершенствования экологического PR. Изучение изменения динамики загрязнений в городе позволит показать успешность или провал проведенной PR-кампании.

Экологические PR за несколько десятков лет стали неотъемлемой частью стратегического функционала государств, компаний по изменению отношения людей, как к самим организациям, так и к окружающей среде. В настоящее время можно наблюдать, как вопросы экологии находят свое место во многих областях политики, бизнеса и коммуникаций. Ключевым фактором продвижения экологических идей и улучшения состояния биосферы является искоренение из рядов политических деятелей и связей с общественностью людей и «активистов», которые демонстрируют привязанность к решению экологических проблем лишь для вида и узнаваемости.

УДК 93/94

К.А. САҒАДИЕВТИҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ (80 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА ОРАЙ)

Кабылдина Г.Е., 4 курс, тарих мамандығы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Наурызбаева Э.К., педагогикалық институт, Қазақстан тарихы кафедрасының тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Берілген мақалада Қазақстанның экономикасының, мәдениетінің, ғылымының, ағартуының дамуына, өркендеуіне зор үлес қосқан экономист ғалым К.Сағадиевтің ғылыми зерттеу шығармашылығын жан-жақты қарастыруға арналған. Сонымен қатар, қоғам қайраткерінің ғалым, экономист ретіндегі қалыптасуы, осы жолдағы ізденістері сараланды. Ғылыми айналымға естеліктердің, К.Сағадиевтің еңбектері мен ол туралы мерзімдік басылымдарда, әр түрлі әдебиеттерде жарық көрген материалдардың негізінде өмірі мен балалық шағы объективті зерттеліп, мәліметтер беріліп отыр.

Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев – ғылым саңлағы, жоғары мектеп пен ғылымның көрнекті ұйымдастырушысы, ұлағатты ұстаз, Қазақстан Республикасының белгілі мемлекет және қоғам қайраткері 1938 жылы 18 ақпанда Қостанай облысының Жангелді ауданының Ақкөл ауылында туған [1,16].

Оның балалық шағы соғыс пен жаппай күйреу аясында өтті, ол өзінің барлық құрдастары сияқты ерте есейіп, оқу-білімге талпыныс жасап, бұл оның кейін өмірінің өзегіне айналды. 1955 жылы Семиозерный (қазіргі Әуликөл) ауданындағы Семиозерный қазақ орта мектебін бітірді. Кенжеғали Әбенұлы Сағадиевтің өзінің балалық шағынан айтқан естілігіне тоқталып өтсек: «Дала баласы тез есейеді, бес жасар шамасында болуым керек, Жыланшық,

**ЖАҢА БУЫН ЖАС МАМАНДАРДЫҢ
КҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН МҰРАТТАРЫ
ЦЕННОСТИ И ИДЕАЛЫ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ
МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ**

Ақкөл сағасынан борық тартқан кездерім әлі күнге есімде. Ата-бабамның негізгі мекені Құмаралдан үш-төрт шақырым жерде орналасқан үлкен ауыл Збан деп аталады. «Збан» қазақ сөзі емес, парсыдан келген, немесе көне түрік тіліндегі жер аты деген болжам бар. Зерттеушілер «Збан» атауы тарихқа он екінші ғасырдан белгілі дегенді айтады. Осы Збан ауылының тұрғындары ауылдың жан-жағындағы жайлы жерлерге малдарын жайып, сол маңда жаз айларын өткізеді, кейде қыстап та қалатынды. Сондай-ақ, Шошқакөл, Шөптікөл, Құмарал, Шұқырқопаның да суы мол, қара отқа бай, құтты да құнарлы жерлер болатын» [2,66].

Кенжеғали Әбенұлының ата-анасының алты баласы: үш ұлы мен үш қызы болды, ата-анасы еңбеккер, балаларын өсіру үшін колхозда тынымсыз жұмыс істеді. Әкесі Сағади Тыныштықбаев – ауыл адамы, ферма меңгерушісі болып жұмыс істеген, ауылға сыйлы азамат болған, 1950 жылы дүниесін салды. Әбен Сағадидың енші алмаған немере ағасы екен. Кенжеғалидың бала кезінде бәрі бір отбасында өскен. Сондықтан ол әкесі жағынан Әбенұлы болып жазылған. Кенжеғали Әбенұлының анасы Қаламқас Сардарбекқызы қартайғанға дейін колхоз жұмысында болған және үй шаруашылығын жүргізді, барлық балаларды ержеткізіп, ұзақ өмір сүрді, ауыртпалықтарға және бақытқа толы өмір сүрді, 1985 жылы дүниеден озған [2,66].

К.Сағадиев Тоқал арғынның Әлімбет руынан шыққан. Жауға шапқанда ұраны болған Аманжол бабаның Әлімбет, Байымбет, Шақшақ болып үш ұл тарайды. Шақшақтан атақты Абылай хан заманында жоңғарға қарсы күрес туын көтерген даңқты қолбасшылардың бірі Жәнібек тархан тарайды. Ал Әлімбет руы 1843 жылғы Орынбор ведомствосының Шығыс, Орта және Батыс бөліктерінің қазақтары туралы деректері бойынша 310 шаңырақтан тұратын екен де, ер адамдарының саны 1235 болыпты. Әрине, бұл соншалықты үлкен көрсеткіш емес. Дегенмен, Әлімбет руы көтерген шаңырақтары және адам саны жағынан сол кездегі үлкен рудың бірі болып саналған екен. Сол тұстағы іргелі Қошқар, Бақай, Айдарке, Жауғашты, Шымболат және Өтей аталатын Тоқал арғынның қатарында болды [2,76].

Шешесі Қаламқас Бесқара қырықмылтық руынан еді. Олардың сан жағынан құрамы 110 шаңырақ, 310 ер адамнан тұрған. Бұл деректер Х.Арғынбаев, М.Мұқанов, В.Востров сынды ғалымдардың «Қазақ шежіресі хақында» еңбектерінде (Алматы, 2000ж., 306-307 беттер) толық айтылады. [3,306,307бб].

К.Сағадиевтің әкесі екі ағайынды еді. Інісі Сәбит Әлімбет руының ақсақалы, барша ел құрметтеп Соқан қажы деп кеткен Соқырбай Мәдембаевтың қолында болды. Сәбит дүниеден ерте өтті. Қояндыағашты мекендеген Соқан қажының ауылы 21 шаңырақтан құралған, 88 ер адам, 77 әйел болған. Осы ауылдың 406 жылқысы, 264 қара малы, 42 түйесі, 520 қойы, 220 ешкісі болған. Ауылдың 14 үйі 90 десятина жерге тары, бидай, сұлы еккен. Бүкіл ауыл болып шөп дайындаған [4,134-137бб].

Бұл мағлұматтарды К.Сағадиев өзінің естелігінде келтіріп отырған себебі, біріншіден, осыдан 1,5 ғасыр бұрынғы қазақ ауылының дәстүрлі шаруашылық жүйесі мен құрамын көрсету болса, екіншіден, осы Қояндыағаш ата – қонысының бірі болғандығын айғақтау еді. Жері орманды, нулы – сулы осы елді – мекеннің тұрғындарының тұрмысы жақсы болды. Совет үкіметі келіп, байларды конфискулеуге кіріскенде, ауылдардың біразы «кулактар» тізіміне енгізілді де, соның салдарынан отбасын «бай – кулак Әлімбеттер» деп көзге шұқынды да болған. Осы жерде Соқырбай қажының төңірегінде әкесі Сағади да, інісі Сабит те шаруа жасаған. К.Сағадиев балалық шағын Торғай өңірінде өткізсе, Қояндыағаш, Аманқарағай, Әуликөлде есейіп, азамат болған. Жақын туған – туыстары да осы өңірді қоныс етті, бауыр басты. Әке – шешесінің бейіті де осы Қояндыағаштың бауырында жатыр [5,176].

Қ.Ә.Сағадиев жастайынан зерек болғандықтан білімге талпынысы сәтті болды. Ақкөлдің туған ауылында мектеп болған жоқ. Жігіт күн сайын таңертең Семиозерное облысының

**ЖАҢА БУЫН ЖАС МАМАНДАРДЫҢ
КҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН МҰРАТТАРЫ
ЦЕННОСТИ И ИДЕАЛЫ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ
МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ**

орталығына (7 км) жазда велосипедпен, қыста шаңғымен жетіп жүрген. Содан болар, отбасында жоғары оқу орнын бітіріп, өмірін ғылымға арнаған жалғыз бала. Бәлкім А.Байтұрсынов, Міржақып Дулатов сынды біртуар азаматтың кіндік қаны тамған жердің қасиеті болар, Кенжеғали Сағадиев бала күнінен алғыр, қағылез, алған бетінен қайтпай өскен қайсар азамат бағытын бірден таңдап, сол жолда аянбай еңбек етті. «Кенжеғали Әбенұлы бала кезінен қағылез, алғырлығымен, зеректігімен көзге түсетін. Оқушы, студент, аспирант кезіндегі білімге құштарлығын, жаңалыққа құмарлығын, оқығыштығын, ізденгіштігін, өмірде болып жатқан құбылыстарға сезімталдығын, қызығушылық қасиеттерін өмірлік ұстаным етті. Жылдар өткен сайын, Кенжекеңнің беделі, мәртебесі, лауазымы, қасиеттері күшеймесе, көмескіленбеді, әлсіреген, селдіреген жоқ», – дейді халық қалаулысы, депутат Қуаныш Сұлтанов [5, 603б].

Кенжеғали Сағадиевтің өзінің балалық шағынан жазған естелігінен үзінді келтірсек: «Бала кезімде Құмаралда он шақты ғана үйден құралған мал баққан ауыл болатын. Жұныс бастаған бес шалғышы қыста қолға қарайтын бар малға шөп шауып, дайындайтын еді. Қалған ер адамдар бақташы, күзетшілер болатын. Әйел адамдар сиыр сауып, малдың аяғын іс қылумен, құрт пен ірімшік, сары май тағы да небір құнарлы сүт тағамдарын дайындаумен айналысатын. Осы бір шағын ауылдағы адамдардың бір-біріне деген ықыласы, жарастығы, сыйластығы ерекше болатын еді. Бірінің қуанышы – бәрінің қуанышы, бірінің қайғысы – бәрінің қасіреті еді. Қуаныштары да, қайғылары да ортақ болғандықтан, бірінің басына түскен қиыншылықты баршасы бөлісуге дайын тұратын. Олардың дастархандарындағы дәм-тұздарының бір-бірімен араласуы да қызық болатын. Дәлірек айтсақ, дастархан дегеніңіз барлық ауыл адамдарына ортақ еді. Жаңағы он үйдің біреуі мал сойса, сол үйдің жайған дастарханына ауылдың барлық адамдары жиналатын-ды. Бір үйге қонақ келсе, сол қонақпен әңгіме-дүкен құруға барлық ауыл адамдары ешбір шақыртусыз – ақ сол үйге келетін. Қонаққа деп көтерілген қазан бүкіл ауыл адамдары үшін дайындалатын ас болатын. Шіркін, пейілдің де, ниеттің де кеңдігі осы болар бәлкім?» [2,12б].

К.Сағадиев бала кезінен осылай ауылдың қонақ күту әдебін көріп, бойына сіңіріп өскен. Жастайынан зерек өскен К.Сағадиев орта мектепті күміс медальмен бітіргеннен кейін бұрынғы Қазақ Мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы Ұлттық университет) экономика факультетіне оқуға түседі. Бұл тұста қазақ халқы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті, 1937 жылдардағы сталиндік зұлматтарды, Ұлы Отан соғысы елге әкелген ауыр зардаптарды әлі ұмыта қоймаған. Жоғарыда айтып өткендей, ел өміріндегі ауыр тұрмысты сезіп өскен балаң жігіт Кенжеғали Сағадиев тұстастарының білімге, ғылымға деген ынта-ықыластары бөлек болатын. Ауыл баласы студенттік ортаға, қала өміріне, ғылымның алғашқы баспалдақтарына тез төселіп, университет белсенділерінің біріне айналған [6,5б].

Академия Сағадиев ЖОО-ға түсу туралы шешімнің 2018 жылдың маусым айында «Костанайские Новости» басылымына берген сұхбатында қалай шыққандығы туралы жеке өзі айтты: «Сегізінші сыныпта бізге Алматы таукен институтының түлегі келді. Жолақтармен, керемет формада. Мен инженер болуды шештім. Арман – Мәскеуге, В.И. Сталин атындағы түсті металдар және алтын институтына бару. Мектептен кейін, 1955 жылы ол сол жерге құжаттар жіберді. Және ол Торғайға атасы мен туыстарын көру үшін барды. Содан кейін өзен тасып кетті. 1 қыркүйекке дейін мен Мәскеуге жеткен жоқпын. Мен Алматыға жеттім. Мен Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің қабылдау бөліміне бардым. Олар: егер құжаттар Мәскеуден келсе, олар экономика факультетіне жазылады деді. Осы арада олар жатақхана беріп, «Егін» стадионын салуға жіберді.

Үш аптадан кейін құжаттар келді, мен экономика факультетінің философия бөлімінің студенті болдым. Рас, көп ұзамай кәсіподақ туралы жарлық шығып, бәрімізді экономистерге ауыстырды. Университетте оқуға деген көңіл-күй керемет болды. Кітапханаға жету үшін біз

**ЖАҢА БУЫН ЖАС МАМАНДАРДЫҢ
ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН МҰРАТТАРЫ
ЦЕННОСТИ И ИДЕАЛЫ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ
МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ**

таңғы алтыда тұрдық. Университеттен кейін мен сабақ беру үшін қалдым. Содан кейін Мәскеуде кандидаттық, докторлық диссертациясын қорғады.

Ол университеттің жетекші ұстаздарының назарына ілігіп, солардың басшылығы арқасында жасаған ғылыми баяндамаларының негізінде Кеңес Одағының көптеген қалаларында өткізілген Бүкілодақтық ғылыми конференцияларға қатынасу-студент Кенжеғалидың үйреншікті әдетіне айналған болатын. Университеттердің өмірінде болып жататын түрлі мәдени шараларға белсене араласа жүріп, 1960 жылы «Өнеркәсіп экономикасы» мамандығы бойынша аталмыш оқу орнын үздік бітіріп шықты. Өзін өте үлгілі де дарынды студент ретінде таныта білген К.Сағадиевке сол кездегі танымал ғалым, экономика ғылымының докторы, профессор Тарбай Шәукенбаев оған өзінің назары аударып, халық шаруашылығын жоспарлау кафедрасының оқытушысы етіп қалдырды [6,56].

ҚазМУ-ды қызыл дипломмен бітірген соң К.Сағадиевті бойындағы табиғи талантын тоқтатпай Мәскеуге аттандырды. Ондағы әлемге әйгілі Плеханов атындағы институттың аспирантурасына 1963 жылы түсіп, сол ғылым ордасында шындалды. Ол өте көреген, білікті, білімді, экономика саласындағы жетекші ғалымдарының бірі – профессор Н.Д.Фасоляктың шәкірті болды. Міне, осылай қазақша, орысша тәрбие алды, екі тілде бірдей және оған шет тілін қоса оқыды. Ана тілінің мәдениеті, өз халқының менталитеті мен Мәскеудің озық мәдениетін бойына сіңірді. Осылай жас Кенжекең ел ағасы дәрежесіне жетті. Жоғары оқу орнындағы шеберден республика, одақ көлемінде жақсы аты жайылды, ал қайта жаңару, түлеу, егемендік жылдары әлемдік ғылыми ортаға есімі танылды.

Академик Сағадиев еш уақытта ешкімге ұқсамайтын өзіне ғана тән ерекше болмыс-бітімі мен тұлғасы ірі, ұлттық рухы биік, ғылымның аумалы-төкпелі, қызығы мен қиындығы мол, соқтықпалы да соқпақсыз жолында талмастан өзіндік сара жолын таңбалап келе жатқан біртуар тұлға. Сағадиевтің маңдайына ағарту саласында реформатор болуды әу бастан жазып қойғандай. Жоғары білім беру жүйесіндегі ұйымдастыру ісін ілкімділікпен ілгерілете жүріп, өзінің мектебін қалыптастырған ғұлама ғалымдардың бірі. Биліктің биігіне де сәтті көтеріліп, саналы ғұмырының сара жолын айқындады. Айтқанымыздың айғағы ретінде түйіндері түйіліп, шиеленген бес институтта ректор болып, түбегейлі өзгерістер жасап, өз беделін мойындатқанын алға тартуға болады. Ол бүгінгі таңда атқарған қызмет тізімі жағынан жоғары мектеп жүйесін ұйымдастыру саласында аты елге мәшһүр болғандардың ішіндегі ең танымалы.

Қорытындылай келе, көне Торғай даласындағы Жыланшық өзенінің арғы-бергі жағалауы, Құмарал мен Сартүбекті айнала көмкерген жасыл шалғынды нулы көлі азамат, қайраткер, тұлға Кенжеғали Әбенұлының қалыптасуының ең бастау көзі болғаны сөзсіз. Қоғам және мемлекет қайраткері, талантты ғалым-реформатор, дарынды ұйымдастырушы, халқымыздың парасатты ұлы, ұлағатты ұстаз Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев туралы біз әрдайым Мақтаншыпен айтамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Е.Арын «Ағартушы. Ұстаз. Қайраткер», 2018
2. К.Сағадиев «Он томдық шығармалар жинағы: Өмір белестері», 2016
3. Х.Арғынбаев, М.Мұқанов, В.Востров «Қазақ шежіресі хақында» / А., 2000
4. К.Сағадиев «Он томдық шығармалар жинағы: Лебідер мен мерейтойлық тілектер» / А., 2016
5. Н.Мамыров «Парасаттылық патшалығы. Академик Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев туралы сыр-толғау», 1998